

ӘОЖ 327(4/9)

К.Б. Жанатаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, шығыстану факультеті түркітану және үндітану кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: Guljan73@inbox.ru

### Кашмир мәселесі және оны реттестіру жолындағы шаралар

Пәкістан мен Үндістан арасындағы шиеленіс олардың пайда болуынан бастап әлі күнге дейін созылып келе жатыр. Бүгінгі таңда ол – дүние жүзіндегі ең ұзаққа созылған шиеленісті ошақтардың бірі. Бірақ маңыздысы уақыт емес (басқа ескі халықаралық шиеленістерге қарағанда) позитивті тенденция, яғни шиеленісті әлсіретіп, ретке келтіретін тенденция сияқты сапалы көрсеткіштің жоқтығы.  
**Түйін сөздер:** Кашмир мәселесі, үнді-пәкістан қақтығысы, ұлттық қозғалыс, ядролық саясат, декларация.

K.B. Zhanataeva

#### Ways to resolve the Kashmir conflict

The dispute between India and Pakistan is continuing from Independence till present time. To date, this conflict is a long dispute in the world. Considering several options to resolve the conflict.

**Keywords:** Kashmir problem, the Indo-Pakistani conflict, the national movement, the nuclear policy declaration.

К.Б. Жанатаева

#### Кашмирский конфликт и пути урегулирования

Спор между Индией и Пакистаном длится со времен независимости и до настоящего времени. На сегодняшний день данный конфликт является длительным спором в мире. Рассматриваются несколько вариантов урегулирования данного конфликта.

**Ключевые слова:** Кашмирская проблема, индо-пакистанский конфликт, национальное движение, ядерная политика, декларация.

Дүниежүзінде қалыптасқан жаңа саяси, экономикалық, әлеуметтік ахуалдардың салқыны Оңтүстік Азияда тағы да кезекті қауіп ошағының пайда болуына әкеліп соқтырды. Кашмир мен Джамму мәселесі Үндістан мен Пәкістан қарым-қатынасындағы жарты ғасырдан бері шешімі табылмаған түйін.

Үндістан мен Пәкістан арасында Кашмир дауы 60 жылдан астам уақытқа созылып келе жатыр. Екі мемлекет арасындағы бұл штат үшін Дели мен Исламабад бірнеше қарулы қақтығыстарға жол берді.

Үндістан мен Пәкістанның дербес мемлекет ретінде пайда болуынан бастап-ақ екі ел арасындағы қатынас өте ауыр сипатқа ие болды. Бүгінгі таңда Кашмир мәселесі дүние жүзіндегі ең ұзаққа созылған шиеленістердің бірі. Бірақ маңыздысы уақыт емес позитивті тенденция, яғни шиеленісті әлсіретіп, ретке келтіретін тенденция сияқты сапалы көрсеткіштің жоқтығы. Бұл шиеленіс сыртқы әсерге де бағынбайды. Әлемдегі қырғи қабақ соғыстың аяқталуы мен екі лагерь қарсыласуының тоқтатылуы сияқты оқиғалар да үнді-пәкістандық қарым-

қатынастарға игі әсер ете алмады. Әрине, бұл қатынастарға сыртқы орта белгілі бір дәрежеде әсер етті, әсіресе ол екі мемлекет өмірінің алғашқы кезеңдерінде анық байқалды. Ол кезде олардың сыртқы саяси бағыттары мүлде өзгеше болатын – Пәкістан АҚШ-пен әскери-саяси ынтымақтастық бағытын ұстанып, Батыстың Азиядағы әскери блоктарының біріне айналды, ал Үндістан болса, тәуелсіз сыртқы саясат жүргізіп, дербестік позициясын ұстанды және Қосылмаушылық қозғалысының ең белсенді мүшесі болды.

Үндістан мен Пәкістан арасында көптеген даулы мәселелер бар. Олардың кейбіреуі отарлы Үндістанды бөлшектеу кезінде пайда болса, екіншілері екі елдің өзара қарым-қатынас үдерісі кезеңінде көріне бастады. Ең басты шиеленіс себебі – Кашмир мәселесі, бұл бұрынғы Үнді князьдығының кімге бағынышты болғандығына байланысты. Бұл шиеленіс тәуелсіз Үндістан мен Пәкістанның пайда болуымен тұспа-тұс және олардың өзара бұрыс қарым-қатынасының себебі болып келеді. Екі ел арасындағы қарулы қақтығыстардың жартысынан көбі Кашмир үшін еді, ал оның өзі көптеген проблемалардың бастамасы болды. Кашмир мәселесінің өзі – Үндістан мен Пәкістан арасындағы қырғи қабақ соғыстың себебі емес, бастауы. Даудың ұзақтығы, өзгермейтіндігі мен өткірлігі үнді-пәкістан қатынастары нақты көрсетеді. Бұл жағдайдың мәні мен себебі екі мемлекетті конфессионалды негізде бір тарихи құрылымды бөлу жолымен құру мен субконтиненттің негізгі екі қауымдастығының ежелгі күресі қағидаттарында жатыр.

1947 жылы тұрғындардың өмір сүру деңгейі төмендеп кеткендіктен, көптеген әлеуметтік мәселелердің туындауы саяси ахуалдың шиеленісе түсуіне әкелді. Джамму мен Кашмир штаттарының мұсылмандар қауымы негізінен үндістерден тұратын үкіметке қарсы шықты. Кашмирмен шекаралас тұратын және Пәкістаннан қолдау көріп отырған Пұштұн тайпалары мұсылмандарға көмек көрсету мақсатында 1947 жылдың 22 қазанында Кашмир территориясында соғыс әрекеттерін туғызды, бұл өз кезегінде Джамму мен Кашмир штатының үкіметі үндістердің тұрақты армиясына қосылатындығы туралы мәлімдеме жасауына әкелді. Үндістер мен пұштандар арасында соғыс басталды.

1948 жылдың 13 тамызында және 1949 жылдың 5 қаңтарында БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесі резолюциялар қабылдады, ол Джамму мен Кашмир штаттарының тағдыры туралы мәселені жергілікті тұрғындар арасында референдум жүргізу арқылы шешуге шақырды.

1949 жылдың 1 қаңтарында БҰҰ араласумен соғыс қимылдары тоқтатылды. 1949 жылы Үндістан мен Пәкістан арасында Кашмирде соғысты тоқтату арқылы келісімге қол қойылды. Нәтижесінде Кашмир екіге бөлінді. 1956 жылдың қарашасында Кашмирдің Қолдаушылар кеңесі шақырылып, штат конституциясы жасалды. Кашмир халқы оны 1957 жылдың басында өткізілген жалпыхалықтық сайлауда мақұлдады. Конституцияда Кашмир Үндістанның айрылмас бөлігі деп танылып, ендігі әрі ешқандай түзетулер енгізілмейтіні айтылды [1, 147].

1965 жылы қыркүйекте Үндістанмен Кашмир мәселесінің шиеленісуіне байланысты қарулы қақтығыс қайта басталды. 1966 жылдың 11 қаңтарында Ташкентте Үндістан мен Пәкістан арасында соғыс қимылдарын тоқтату туралы, әскерді қайтару туралы және дипломатиялық қатынастарды жаңғырту туралы Декларацияға қол қойылды.

70-жылдардың басында Пәкістан мемлекеті түпкілікті түрде сыртқы саясатпен қатар, ішкі саяси және әлеуметтік дамудың негізгі бағыттарын қайта қарастыруды көздеді. Бұл қажеттілік 1971 жылы желтоқсан айында Пәкістан мен Үндістан арасында болған үшінші соғыстан кейін Пәкістанның бұрынғы шығыс провинциясы орнында тәуелсіз Бангладеш Халық Республикасының пайда болуына әсер еткен оқиғалармен байланысты туындады. Пәкістанның сыртқы саясатында орын алған дағдарыс осы оқиғалардың нәтижесі болатын.

Шығыс Бенгал халқының ұлт ретіндегі құқығын жоққа шығару және оның ұлт азаттық қозғалысын әскер күшімен басу, жаппай саяси репрессия жүргізу Пәкістан саясатының осы кезеңде ұстанған принципі болатын.

Пәкістан әскерінің Шығыс Бенгалиядағы жеңілісі және Бангладеш Республикасының орнауы 1971 жылдан субконтинент мемлекеттерін күйзеліске ұшыратқан саяси дағдарысты тоқтатты. Пәкістандағы соғыс, оның нәтижесінде миллиондаған босқындардың Үндістанға қашуы және үнді-пәкістан қатынасының шиеленісе түсуі Азияның тек осы бөлігіне ғана емес, соны-

мен бірге жалпы халықаралық жағдайға да кері әсер етті.

Бангладеш Республикасының орнауы субконтиненттегі күштерді орнықтыруда маңызды саяси салдарға ие болды. Біріншіден, Пәкістан территориясы алтыдан бір бөлікке, ал халқы тең жартыға кеміді. Пәкістан саясаткерлері және идеологтары оңтүстік субконтинент мұсылмандары үшін ортақ Отан атынан ықпал ету мүмкіндігінен айырылды. Ортодоксалды мұсылман қоғамдары әсер етудің маңызды құралын жоғалтты. Пәкістан өнеркәсібі қажетті шикізатсыз қалды. Пәкістан, сонымен бірге өз өнімдерін өткізетін ірі нарықтан айырылды, себебі мемлекет бөліктері арасындағы бұрынғы экономикалық байланыстар тоқтатылған болатын. Сол себепті Пәкістанда да, Бангладеште де экономикалық дағдарыстар орын алды. Алайда Пәкістан өз экономикасын осы өзгерген жаңа жағдайларға икемдей алды.

Әскери әрекеттер аяқталғаннан кейін Үндістан мен Пәкістан арасындағы қарым-қатынастарды реттеу проблемасы бірінші орынға шықты. Дегенмен бұл процесс ұзаққа созылды, әрі қиыншылықтарға толы болды.

Үндістан және Бангладеш басшыларының пікірінше, Шығыс Пәкістанның бөлінуін мойындау мемлекеттер арасындағы қатынастарды реттер еді. Алайда алғашқы екі жылда Пәкістанның саяси күштері оны мойындаудан бас тартты. Бөлініс нәтижесінде екі жақты шешімді талап еткен Бангладештегі кішігірім меншік түрлерінен айырылу, шетел қарыздары, сауда есептері сияқты бірқатар проблемалар пайда болды.

Пәкістан үкіметі басындағылардың ойынша, Пәкістан Бангладеш тәуелсіздігін мойындайтын болса, онда Бангладеш үкіметі әскери қылмыс жасады деп айыпталған тұлғаларды соттау құқығына ие болады, ал Пәкістан үшін бұл тиімсіз.

Пәкістанның бөлінуі оңтүстік субконтинентте көптеген адамдардың қандай азаматтықты таңдау шешімін қабылдау сияқты мәселелерді туындатты. Әсіресе 600 мыңға жуық бенгалдық емес Бангладеш тұрғындары аса ауыр жағдайда қалды. Олардың көбі урду тілінде сөйлейтін, 1947 жылдан кейін Солтүстік Үндістаннан Шығыс Пәкістанға қоныс аударған адамдар болатын.

Шығыс Бенгалияда ұлттық қозғалыстың дамуы бенгалдық және бенгалдық емес тұрғындар арасындағы қатынасқа кері әсер етті. 1971 жылы Мұджибұр Рахман бастаған азаматтық бағынбау кампаниясы кезінде осы этникалық топтар арасында қанды қақтығыстар орын алды. Осы этникалық топ өкілдерінің Шығыс Бенгалиядағы оқиғаларға қатысуы Бангладештегі бенгалдық емес барлық халыққа деген өшпенділікті оятты. Олар топталған аудандарда түрлі қанды теке-тірестер орын алды. Бенгалдық емес тұрғындар ауыр экономикалық және қоғамдық жағдайда қалды. Пәкістанға қайта қоныс аудару осы топтың басына түскен қиыншылықтан құтылуының жалғыз ғана мүмкіндігі болды.

Аталған проблемалар Пәкістан мен Үндістан арасында дұрыс қатынастың орнауын қиындатты, сенімсіздіктің және қарсыластықтың күшеюіне әсер етті. Екі ел басылары арасындағы кездесу туралы алдын ала өткізілген келіссөз 1972 жылы қаңтарында-ақ жүргізілген болатын, бірақ тек сәуірде ғана кездесу мерзімі мен орны, қаралатын мәселелер аумағы белгіленді. Аталмыш кездесу 1972 жылы маусымда Симлда (Үндістан) өтетін болды.

Симлдегі бұл кездесуге екі жақ тиянақты дайындалды. Бұл кездесу жеңілген, әлсіреген жақ атынан сөз сөйлейтін Пәкістанның жаңа президенті З.А. Бхутто үшін үлкен сын болды. Үндістан өз тарапынан Пәкістанмен ұзақ уақытта созылатын келісімге жету ниетін білдірді. Екі ел арасындағы келісімдер нәтижесінде экономикалық, мәдени және сауда-саттық қатынастар орнайды деп күтілді. Үндістан дипломатиясының мақсаты Пәкістанға Бангладешті мойындату болатын. З.А. Бхутто болса, Симлда әскери тұтқындарды босату және оларды Пәкістанға тапсыруға қол жеткізу мақсатымен келді. З.А. Бхутто Бангладешті мойындау мәселесін есептен шығарды, себебі оның ойынша бұл мәселе бұрынғы Пәкістанның екі бөлігінің басшылары арасында ғана талқылануы тиіс болатын [2, 205].

Нәтижесінде Симлдағы келіссөздер барысында үнді-пәкістан қатынастарын кешенді реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілді. Екі жақ барлық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге және де оған қайшы келетін әрекеттерді болдырмауға келісті. Үндістан мен Пәкістан өзара территориялық тұтастығын сақтау, тәуелсіздігін құрметтеу, ел ішіндегі мәселелерге

араласпау және де қарсыластықты насихаттайтын күштермен бірігіп күресу міндетін қабылдады.

Симлде қол жеткен келісімдер үнді-пәкістан мәселесін түбегейлі шешпегенімен, бірқатар онды бағыттарды айқындады. Кашмирдегі бақылау шебін демаркациялау мәселесін қарастырғанда, екі жақ бір-біріне өзара жеңілдіктер жасады.

Шекара және әскерлерді әкету жөніндегі келісімнен кейін екі ел арасындағы реттеле бастаған қатынастар қайта тоқырауға ұшырады. Әскери тұтқындарға қатысты келіссөз екі кезеңнен тұрды. Келіссөздердің бірінші кезеңі 1973 жылы 22-31 маусым аралығында өтті. Оның екі жақты сипаты болды. Үндістан талқылауға негіз болған құжаттың авторы болған Бангладеш мүдделерін қорғады.

1973 жылы тамыздың 18-28 аралығында Делиде өткен келіссөздердің екінші кезеңі ғана нәтиже берді. Делиде қол жеткізген келісім бойынша Пәкістан Бангладештен кетуге ниет білдірген 47 мың адамды қабылдайтын болды. Пәкістан үкіметі бұрын Батыс Пәкістанда тұрған, орталық үкімет шенеуніктері мен олардың отбасыларын, Пәкістанда тұратын туыстары бар, және де «қиын жағдай» деп сипатталған 25 мың басқа бенгалдық еместерді қабылдайтындығын ескертті. Делиде қол жеткен келісім қатысушы екі жақпен үнемі алға тартылып отырған алғышарттардың тұйықталған шеңберін үзді. Келесі айларда келісімдер орындала бастады. 1974 жылы мамырда пәкістандық әскери тұтқындардың басым көпшілігін Үндістаннан босатты. Бенгалдықтардың Бангладешке репатриациялануы да сәтті өтті [3, 225].

1974 жылы 16 ақпанда Пәкістан И. Гандиді Симлда қол жеткен келісімдерді жүзеге асыру жолдарын талқылау үшін шақырды. Алайда бұл сапар Пәкістанның Бангладеш тәуелсіздігін мойындауына қарамастан, жүзеге аспады.

Субконтиненттегі жағдайды реттеу үшін Пәкістан мен Бангладеш арасындағы екі жақты қарым-қатынастар аса маңызды болып табылатын. Жаңадан реттелген қатынастарды күрделендіре түскен басқа мәселе туындады, атап айтсақ, Пәкістан соғыстан кейін мемлекетпен ұлттандырылған Бангладештегі пәкістан азаматтарының мүлкіне өтем ақы төлеуді талап етті. Осы жылжымайтын мүліктің және инвестициялардың бағасы 8 млрд пак. рупийді

(шамамен 1,68 млрд АҚШ доллары) құрады [4, 157].

Субконтинентте бейбітшілік орнату бағыты 1974 жылы 18 мамырда тоқтатылды. Оған Үндістанның Раджстан шөлінде атомдық қондырғыны жер астында жаруы басты себеп болды. Пәкістан осы жарылысқа қарсы шығып, арадағы келіссөзді тоқтатты.

Дегенмен де Пәкістан елі жарылысқа қарсы шыққанымен, өзі де ядролық қарудан ада ел емес. Жалпы Пәкістанға ядролық қаруға иелік етудің қандай пайдасы бар екендігін түсіну қиын-ақ. Экономикалық потенциалы, жер көлемі, қарсыластар арасындағы алшақтық т.б. Үндістанның ядролық қаруының Пәкістаннан 4-6 есе асып, ал Үндістанның жері Пәкістан жерінен көлемі бойынша асып тұрған кезде бұл екі елдің ядролық жағынан тепе-тең болуы мүмкін емес. Болашақта Үндістанның ядролық саладағы үстемділігі артатындығы күмән келтірмейтін жайт.

Пәкістан мемлекеті құрылған кезде оған колонияның экономикалық жағдайы нашар аумақтардың кіргені белгілі. Мемлекетте өндіріс, кәсіптік инфрақұрылым болмай, ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен қамтамасыз ете алмады. Үнді-мұсылман арасындағы қанды қақтығыстар және халықтың жаппай көшуі үлкен зардап әкелген. Халықтың көпшілігі жоқшылық, мәдени артта қалу, қараңғылық жағдайында өмір сүріп жатты. Сонымен қатар Пәкістанның жер асты пайдалы кендерге (әсіресе, жарықтасушыларына) де бай еместігін және халық санының тез өсу қарқынын естен шығармау қажет. Осы мәселелерді шешу үшін көптеген қаражат қажет болды. Осыған қарамастан, бар қаражаттың үлкен бөлігі (бюджеттік шығындардың жартысы) әскери қажеттілікке жұмсалатын. Бұл мақсаттарға сыртқы қаржылай кірістері де жұмсалып отырды (бұл қазіргі 36 млрд доллар құрайтын сыртқы қарыздың болуының негізгі себебінің бірі) [5, 345]. Пәкістан әскери техниканы шетелден сатып алуға мәжбүр болғандығы өнер-кәсіп базасын әлсіздендіре түсті.

Үндістан мен Пәкістанның ракеталық-ядролық қарулануындағы алшақтық қарапайым қару жағынан да көрінеді. Қазіргі кезде Үндістан қарулы күштер саны мен олардың техникалық қамтамасыздығы жағынан да асып түскен.

Әрине, Пәкістанның даму стратегиясы ұлы көршісіне қарсы тұру мақсатына негізделген. Осы саясат Пәкістанды сыртқы қаржыландыру көздеріне тәуелді етіп қойды.

Қазіргі кезеңде осы тәуелділік Пәкістан үшін ең үлкен қасірет болып тұр, себебі ядролық қаруды таратпау туралы қаулыны бұзу, Кашмирдегі агрессорлық әрекеттер мен мемлекетте әскери тәртіп орнату салдарынан Пәкістан сыртқы қаржылы кірістерден айырылып отыр. Осы жағдайларға байланысты Пәкістан өзінің беделді жақтастарын да жоғалтқан-ды: АҚШ Пәкістанға көмек көрсетуден бас тартып, ал пәкістан-үнді дауында Үндістанның жағына шықты, Қытай да Пәкістанға көмек көрсетуін тоқтатып, ортаңғы позицияны ұстануда. Ресейдің негізгі серіктесі – Үндістанмен дауласуы Пәкістан мен Ресей арасында қарым-қатынастың орнауына кедергі болып тұр.

Үндістанмен дау-дамайды тоқтату капитуляцияға бара-бар жағдай. Бірақ бұл қадамды міндетті түрде жасау қажет, өйткені ол – Пәкістан мемлекетін сақтап қалар жалғыз жол. Бұндай келісімге келу үшін қазіргі пәкістан-үнді қатынастарында кінәлілерді іздеудің қажеті жоқ. Даудың осыншама ұзақ уақыт созылған жағдайында екі жақ та бірдей кінәлі болатыны белгілі (бұл жайлы, ірі және демократиялық тұрғысынан күшті саналатын Үндістан өзінің беймаза көршісіне мейірімділік көрсеткені абзал болар еді).

Ең алдымен, Пәкістан Кашмир мәселесін шешіп алғаны дұрыс. Жоғарыда айтылғандай, Кашмир – пәкістан-үнді дауының негізі. Үндістанмен қарсыласуын қойып, Кашмир жағдайын реттеу үнді-пәкістандық қарым-қатынасты нығайту Пәкістан үшін ауадай қажет. Екі жақтық қару жарысынан шықса, ол өз халық шаруашылығын жақсартып, экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуге мүмкіндік алады. Шетел инвесторлары қаржылық көмегін ұсынып, Пәкістанның қарызын жеңілдете түседі. Үндістанмен әскери-стратегиялық теңдік сақтаудан бас тарту Пәкістанның ішкі саясатын жақсартып, ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қосылуына мүмкіндік туғызар еді.

Қорыта келгенде, Үндістанмен келісімге келу Пәкістан үшін қиынға соғары сөзсіз, бірақ Пәкістан үшін бұл нақты қажеттілік.

Үнді-пәкістан шиеленісінің тағы бір ерекшелігі – дәл осы екі мемлекеттің ядролық қаруға ие болуына АҚШ-тың соншалықты наразылық танытпауы. Оңтүстік Шығыс Азиядағы бір жағы Қытайға бұйырған саяси таразының екінші жағына Үндістанды шығаруды көздеген Вашингтон Делидің «тентектігіне» көз жұма қарайтыны таңғаларлық жайт емес. Бүгінгі таңда «ядролық клубқа» мүше мемлекеттердің қатарына жататын – Үндістан мен Пәкістан мемлекеттері ұзаққа созылған, әрі шешімін таппаған Кашмир мәселесін бейбіт жолмен реттестіруі абзал.

## References

- 1 Moskalenko V. N., Sidorov M. A. Pakistan trudnyi put razvitiya. – M., 1979. – 147 s.
- 2 Narbaev B. N. Pakistan na rubeje vekov. – Almaty, 2002. – 205 s.
- 3 Belokrenitskii V., Moskalenko V. N., Shaumyan T. L. Yujnaya Asia v mirovoi politike. – M., 2003. – 225 s.
- 4 Kaplina L. M. Indo-pakistanskіe otnosheniya v 80-e g. : problem I perspektivy. – M., 1990. – 157 s.
- 5 Shaumyan T. L. Regionalnyie konflikty v Asyi I Severnoi Africe. – M., 1997. – 345 s.